# Міндетті сақтандыру түрлерінің оңтайлы тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 21 наурыздағы N 38-ө өкімі

Міндетті сақтандырудың түрлерін енгізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіру мақсатында:

Қоса беріліп отырған Міндетті сақтандыру түрлерінің оңтайлы тізбесі бекітілсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2003 жылғы 21 наурыздағы
N 38 өкімімен
бекітілген

# Міндетті сақтандыру түрлерінің оңтайлы тізбесі

| Р/с N | Міндетті сақтандыру түрінің атауы | Орындаушы |
|---|---|---|
| 1. | Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) |
| 2. | Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) |
| 3. | Жолаушылар алдындағы тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) |
| 4. | Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |

| | | |
|---|---|---|
| 5. | Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі |
| 6. | Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі |
| 7. | Турагенттіктер мен туроператорлардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі |
| 8. | Қызметкерлер еңбекте қызмет міндеттерін орындауы кезінде олардың өмірі мен денсаулығына нұқсан келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |
| 9. | Міндетті экологиялық сақтандыру туралы | Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| 10. | Қызметі үшінші тұлғаларға нұқсан келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы | Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| 11. | Міндетті медициналық сақтандыру туралы | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, |

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі (келісім бойынша)

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК